6	Ақпараттық активтер ресурсы және кітапхана қоры	Мектеп кітапханасы оқу процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарының маңызды құрылымдық бөлімшесі, сондай ақ білімді, рухани және интеллектуалды қатынасты,мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Мектептің оқу-тәрбие жоспарына сай қызмет атқарады. Кітапхана мектептің 2-ші қабатында орналасқан, жалпы көлемі: 126м кв. Оқу залы ,абономент және кітап қоймасы бар. ***Кітапхана қызметкерлерінің мақсаты мен міндеттері*** ***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 ждылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы аясында*** ***Мақсаты:*** ➢ Жас ұрпаққа әлемдік стандарттар деңгейінде білім алу үшін кітап оқу арқылы білім сапасын арттыру. ➢ Оқушыларды кітапханаға тарту,көркем әдебиетті таңдап оқып білуге үйрету,оқу арқылы білімін терңдету,тіл байлығын дамыту,ой-өрісін жоғары деңгейде дамыту,білімге,ғылымға деген ізденістерін арттыру. **Міндеті:** ➢ Жоспардағы атаулы күндерге сәйкес көпшілік жұмыстар жүргізу ➢ Оқу-тәрбие жұмыстарына ықпал ету ➢ Оқытушы, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болу ➢ Сабақтан тыс уақытта оқырмандардың кітап оқуын, түрлі тәрбие сағаттарын, оқырмандар конференциялары мен дөңгелек үстелдерін ұйымдастыру ➢ Мектеп кітапханасының қорын жаңа кітаптармен толықтыру.		Мектеп кітапханасының 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары https://drive.google.com/file/d/10nVrnu3TzaqXjOpfeoCHvhU9zJdhUAVr/view?usp=sharing Мектеп кітапханасындағы оқулықтар тізбесі https://drive.google.com/file/d/1lxnkN79WltLPCAtTSp4y-e2-xiAJd_Rh/view?usp=sharing

Ұстанымдары:

- Жаңа кітаптармен, мерзімдік басылымдармен таныстырушы.
- Педагогика, психология, салалық және көркем әдебиеттер төңірегінде жаңа білімдермен байытушы.
- Оқушыға әдебиет таңдауға, оқырмандық қызығушылығын арттыруда, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші.
- Реферат, зерттеу жұмыстарын, оқу –әдістемелік материалдарды дайындауға мүмкіндік беруші.

Басшылыққа алған нормативтік құжаттар

- «Мектеп кітапханасының типтік ережесі» 2000 жыл,17 тамыз №827 бұйрығы
- «ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Мектеп кітапханасын пайдаланудың үлгі қағидалары» 2001жылғы 3 шілде №522 бұйрығы
- Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы 1997 жыл,11 шілде
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары»
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «19» қаңтардағы №44 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Мектеп кітапхансының көрсеткіші

№	Атауы	2022-2023 ж	2023-	2024-2025 ж

			2024ж	
1	Барлық кітапхана қоры, оның ішінде	44220	42792	43665
	Негізгі қор(көркем әдебиет)	5786	5798	5807
	Оқулықтар	31597	33916	36253
	Әр түрлі саладағы қор УМК, диск, и т.б.)	6837	3108	1605
2	Оқырмандар саны	900	1100	1150
3	Келушілер саны	6733	7013	7552
4	Кітап берілімі	23456	25360	25956

Кітапхананың жалпы аумағы

Кітапханада:

Столдар – 12

Кресло -18

Стеллаж -11

Принтер МУФ -1

Компьютер -6

Оқу жылының басында барлық сынып жетекшілерімен біріге отырып сыныптарды оқулықпен қамтамасыз ету 100% болды.

Сыныптар бойынша таратылған оқулықтар саны 2024-2025 оқу жылы

№	Сыныптар	Оқушы саны	Қамтылғандары %
1	1 қазақ «а,б»	45	100%
2	1 орыс «в.г»	58	100%
3	2қазақ «а,б»	41	100%
4	2орыс «в,г»	57	100%
5	3қазақ «а,б»	45	100%
6	3 орыс «в,г,д»	84	100%
7	4 қазақ «а,б»	37	100%
8	4 орыс «в,г,д»	81	100%
9	5 қазақ «а,б»	40	100%
10	5 орыс «в,г,д»	79	100%
11	6 қазақ «а,б»	51	100%
12	6орыс «в,г,д»	69	100%
13	7 қазақ «а,б»	60	100%
14	7 орыс « в,г,д»	71	100%
15	8 қазақ « а,б»	40	100%
16	8 орыс «в,г»	50	100%
17	9 қазақ « а,б»	44	100%
18	9орыс « в,г,д»	79	100%
19	10 қазақ « а,б»	37	100%
20	10 орыс «в»	26	100%
21	11қазақ «а»	23	100%

Мелекеттік бағдарлама бойынша оқушыларды оқыту және тәрбиелеуге көмек көрсетіп,мектеп кітапханасы оқушыларды жүйелі оқуға қатыстыру жұмысы жасалды. Жыл бойы мектеп кітапхана қорын сақтау жұмысы өткізілді. Мектеп кітапханасы оқушыларды тұрақты өзін-өзі білімге дарытты, жауапкершілікті тәрбиеледі,мектеп бағдарламаларына көмек ретінде әдебиеттерді насихаттауға назар аударады. Оқушының кітап оқу мен білім алу қуанышын және әдетін,оқу мерзім бойы кітапханамен пайдалану мұқтаждығын дамытты және қолдады.

		2022-2023 оқу жылына мектеп кітапханасына жалпы 4317 дана кітаптар түскен болса, оның 3011 данасы оқулық, 62 дана көркем әдебиет, ал 1151 данасы дидактика мен жұмыс дәптерлері. Сонымен қатар кітапхана 2023 жылға мерзімді басылымдарға жазылды. 2023-2024 оқу жылына мектеп кітапханасына жалпы 3805 дана кітаптар түскен болса, оның 2378 данасы оқулық, 12 дана көркем әдебиет, ал 695 данасы дидактика мен жұмыс дәптерлері. Сонымен қатар кітапхана 2024 жылға мерзімді басылымдарға жазылды. 2023-20234 оқу жылында мектеп кітапхана қорынан: оқулық -22322 дана, әдістеме және даидактика -7954 дана,эл. Оқулық- 935 дана есептен шығарылды. 2024-2025 оқу жылына мектеп кітапханасына жалпы 3951 дана кітаптар түскен болса, оның 2337 данасы оқулық, 9 дана көркем әдебиет, ал 1596 данасы дидактика мен жұмыс дәптерлері. 2025 жылдың наурыз айынан бастап мерзімді басылымдарға жазылды. 2022 жылы 2 сынып оқушылары жаңартылған оқулықпен қамтылды..Жылдың басталуына орай мектеп оқушыларына түгелдей оқулықтар таратылып берілді. Оқушылар оқулықпен 100 пайыз қаматамсыз етілді. Қосымша бөлшек сауда арқылы алынған оқулықтар жоқ. 2024 оқу жылында 3 сынып Е тандау платформасы арқылы оқулықтарға тапсырыс жасалды. 3 сынып бойынша Жаратылыстану пәні қазақ және орыс тілінде Еңбекке баулу пәні қазақ және орыс тілінде		

		Бейнелеу өнері пәні қазақ және орыс тілінде Русский язык қазақ тілінде оқылатын мектептерінде. Ағылшын пәні. Белсенді оқырмандар бұл 1,2,3,4 сыныптардың оқушылары, және 5 ,7 сыныптардың оқушылары. Жоғары сынып оқушылардан 10,11 сыныптар.Жоғары сынып оқушылары тек қана бағдарламалық шығармаларды алмай, тарихи әдебиетті,сыни тұрғыда материалды,қазіргі заманғы авторлардың кітаптарын алады. Бірінші сынып оқушылардың мектеп кітапханасымен танысуы дәстүр бойынша қыркүйек айында өтеді. Кітапхана жарты жыл бойы мұғалімдерге,сынып жетекшілерге көпшілік іс-шараларды,сынып сағаттарды,пән апталықтарын өткізуге көмектесті. Сонымен қатар кітапхана 2023 жылға мерзімді басылымдарға жазылды. 1-4 тоқсан аралығында № 98жбб мектеп 1-11 сынып оқушыларының оқулықтары тексеріліп тұрылды. Т**ексеру мақсаты:** оқушылардың оқулықты ұқыпты ұстауы, күнделікті кесте бойынша оқулықты мектепке әкелу, оқулықтың қапталуын қадағалау. Тексеру барысында мынадай жағдайлар анықталды. Оқулықтарды тексеру барысында байқағанымыз оқушылардың көпшілігі оқулықтарын қаптап, кестеге сәйкес алып келген. Қосымша оқулыққа сәйкес шығарылған жұмыс дәптерлерін сатып алу жөнінде ескертілді.Сонымен қатар араларында анықталғандай оқушылардың кесте бойынша оқулықты әкелмегендігі көрініп тұр. Оларға қатаң түрде ескерту айтылды. Жаңа оқулықтардың әлі 4 рет оқылатынын ескере отырып, оқушыларға оқулықтарын		

		ұқыпты, жыртпай, қаптап ұстауы қатаң ескерілді. Ұсыныс: пән мұғалімдері оқушылардан сабақ үстінде оқулықты талап етіп отырса. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020-2025 жылдарға арналған «Оқитын мектеп» жобасы шықты. Жобаның мақсаты: оқушылардың оқу мәдениетін арттыру, олардың оқу белсенділігін арттыру және оқуды танымал етуге жағдай жасау. Жобаның басты міндеттері: оқушылардың оқу құзіреттілігін арттыру, оқушылардың өзара әрекеттесу және әлеуметтік серіктесатік арқылы оқу мәдениеті мен белсенділігін арттыру, ата-аналарды бірыңғай оқырман қауымын қалыптсатыру жобасын іске асыруға тарту. Оқыту жүйесін жетілдіру. “Оқуға құштар мектеп” жобасы білім алушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мәдениеті оқушылардың нақты және жаратылыстану ғылымдарын, еңбекке үйрету және дене шынықтыру, сондай-ақ басқа да пәндерді табысты оқып білу үшін міндетті.Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруға үлес қосады. Оқырман мен кітап оқушы қоғамды қалыптастыру қызметі жоғары дәрежеде болуы керек. Сонда ғана біз жас жеткіншектердің оқу ой-өрістерінің кеңеюіне, жан-жақты дамуына, ойлау қабілеттерін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойларына сіңіруге көмектесіп жалпы, адамды тәрбиелеуде және рухани байытуға көмек көрсете аламыз.		

		Жылдық жоспарға сәйкес мектеп кітапханасында көрме, дөңгелек үстел, тақырыптық папкалар және сынып сағаттарына көмек көрсетілді. Алфавиттік және сала бойынша орналастырылған. 2021-2022 оқу жылынан бастап «Коворкинг» орталығы бар, оқушылар мен ұстаздар кітап оқып, оқушылармен түрлі формадағы іс-шаралар өткізіледі. Кітап қоймасында оқулықтар сыныптар бойынша орналастырылған. Кітапхананың ұйымдастыруымен атаулы күндерге арналып, бейнероликтер, виртуалды көрмелер, оқырманконференциялары әдеби -танымдық кездесулер, «буккросинг», «20минут кітап оқу», «Бір отбасы- бір кітап» сынды түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге ақпараттар уақытында салынады . Кітапхана ғаламтор желісіне қосылған компьютер және ноутбуктармен қамтамасыз етіліп, оқушылардың өзіне қажетті мәліметтерді жылдам ала білуіне жағдай жасалған.1 сынып оқушыларына кітапхананы таныстыру		

Жаңа кітаптармен таныстыру

Оқушылар әңгімелескенде олар ата-аналарының оқыған кітаптары жайлы, сол

		кітаптарғы әңгімелер жайында айтып, ой бөлісті. Әңгімелесу барысында кейбір оқушылардың ата-анасымен бірге психологиялық кітаптарды оқитынын, ал кейбіреулерінің шет тілдердегі кітаптарды оқитынын, және достарына да сол кітапты оқуға кеңес беретіндігін айтты. Түрлі ертегі, аннимациялық кітаптарға қызығушылықтары жоғары екендігі байқалды. Оқушылардың басым көпшілігі «Абай жолын» оқып жүргендігі байқалды Ата-аналарының бала күнінде оқыған ертегі, әңгімелерімен бөлісті. Сондай-ақ оқушылар бір-бірлеріне өздеріне ұнаған кітаптардың аттарын, авторларын айтып, оқуға кеңес берді. Ол кітаптар «Шұғаның белгісі», «Ұлпан», «Абай жолы», «Менің атым Қожа» т.б. Дөңгел үстел барысында оқушыларға түрлі жаңалықтар, мәліметтер шығып тұратын журналдар мен газеттерде ұсынылды. Дөңгелек үстел барысында оқушылар түрлі кітаптар жайлы бір-біріне мәлімет беріп, жан-жақты ойлау қабілеттері жетіліп, кітаптың оқудың пайдасы мол екенін түсінді. 		

		 «Оқуға құштар мектеп жобасы» бойынша өткізілген іс –шаралар: **«Тіл-достықтың дәнекері»** https://www.instagram.com/reel/Cw701wSKk9l/?utm_source=ig_web_copy_link **“Ақындар айтысы” сайысының ашылуы. Айтыстың мақсаты: Халқымыздың ұлттық құндылықтарын дәріптеу**. https://www.instagram.com/reel/CxZ2Tr9S7w5/?utm_source=ig_web_copy_link		